

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-3 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Возвышен ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 9 қарашадағы № 68-16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 қарашада № 6641 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Возвышен ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-3 шешіміне (2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5832 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Возвышен ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 32 471,2 мың теңге;
салықтық түсімдер – 2 940 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
трансферттер түсімі – 29 531,2 мың теңге;
- 2) шығындар – 32 471,2 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
бюджеттік кредиттер – 0;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
қаржы активтерін сатып алу – 0;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 ;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;
қарыздар түсімі – 0;
қарыздарды өтеу – 0;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
мәслихатының сессиясының төрағасы

И.Шаймерденов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы
мәслихатының хатшысы

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2020 жылғы 9 қарашасы
№ 68-16 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 56-3 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Возвышен ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і Сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
			1. Кірістер	3 2 471,2
1			Салықтық түсімдер	2 940
	01		Табыс салығы	300
		2	Жеке табыс салығы	300
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 640
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40
		3	Жер салығы	200
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 400
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

4			Трансферттердің түсімдері	2 9 531,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 9 531,2
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	2 9 531,2
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-лама-лардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	3 2 471,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 2 831
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 2 831
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 2 611
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	220
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 140,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 140,2
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 840,2
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300
12			Көлік және коммуникация	1 4 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4 000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 4 000
13			Басқалар	3 500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 500
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3 500
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0

		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК